

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Моншақтарды тізбектеу

ЖАРИЯЛАНДЫ  
01.12.2020СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/86191/

№5 «Айгөлек» бөбекжайы – бақша

әдіскері : А.Ж.Аманжолова

« » \_\_\_\_\_ 2020жыл

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық»**Бөлімі:** Сурет салу**Өтпелі тақырып:** «Дені саудың – жаны сау»**Тақырыпша:** «Біз еңбекқор баламыз»**Тақырыбы:** «Моншақтарды тізбектеу»**Мақсаты:** 1.Ойындар арқылы балалардың білім және білік дағдылары қалыптасады.  
Моншақтың – әшекей-бұйым екендігін түсінеді.

2. Ойындар арқылы баланың қызығушылығы оянады, моншақтардың көлемін, пішінін, түсін біледі, қол мен саусақ ұштарының қимылдарын дамытады.
3. Шыдамдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиеленеді.

**Әдіс-тәсілі:** 4К моделі, коммуникативтілік, құзыреттілік, ашық сұрақтар, миға шабуыл, ұзақмерзімді, қысқамерзімді, тікелей бақылау түрлері, сергіту сәті, сыни тұрғыдан ойлау, саралап оқыту тәсілдері: (заттық-кеңістік ортаны ұғынады, топтарға бөлінеді, сергіту сәтіндегі ресурстарды ұғынады, жасайды, қызығушылық танытады, диалогқа бейімделеді, жылдамдық пен қарқынды сезінеді, уақыт талабын түсінеді)**Ресурстар:** қуыршақ қыз, түрлі түсті ұяшықтар, смайликтер, аяқ іздері, картонмен жұмыс, моншақтар, бояу түрлері, тақта, бау, түтікшелер, гүлдің суреттері, шариктер,

шарлар, ыдыс-кружка, аудиоресурс, канцелярский шеге, резеңкелер, ақ түсті ыдыстар, ылғал сүрткіштер, майлық, күзгі суреттер, өлең жолдары, чупа-чупс, кәрзеңке.

### **Құрылымдалған ойын: «Түстерді ажырат»**

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс – әрекеті	Баланың іс – әрекеті
------------------	--------------------------	----------------------

<p>Мотивациялық Қозғаушы</p>	<p>Кіріспе</p> <p>-Балалар,көңіл-күйлерің қандай?</p> <p>Миға шабуыл</p> <p>1. Жылдың қай мезгілі?</p> <p>2. Күзде неше ай болады?</p> <p>3. Атап беріңдерші?</p> <p>— Дұрыс, жарайсындар.</p>	<p>-күлімдейді (смайлик көрсетеді)</p> <p>-күз</p> <p>-3 ай</p> <p>-қыркүйек, қазан, қараша</p>
<p>Ізденушілік-ұйымдастырушылық</p>	<p>-Балалар ортада тұрады.</p> <p>-Ал, енді менің алдымда екі түрлі гүл тұр, атын атаңдаршы?</p> <p>-Дұрыс.</p> <p>-Осы гүлдерді таңдау арқылы 2 топқа бөлініп отырамыз.</p> <p>-Балалар, бүгін біз А.Ұ.О.қызметінде сурет салудан «Моншақты тізбектеу» тақырыбында моншақтың бейнесін салып және моншақты жіпке тізбектеп үйренеміз.</p> <p>-Ол үшін түстерді таңдаймыз.</p> <p>-Алдарында ненің суреттері түр екен маған көрсетіңдерші.</p> <p>-Дұрыс.</p> <p>-Осы 4 түрлі түсті қолдана отырып шарға моншақтың бейнесін салып үйренеміз. (Шар кружкада скотчпен жабысып тұрады.)</p> <p>-көңіл-күйлерің қандай?</p> <p>-Алдымен сендерге сұрақ?</p> <p>-Моншақ дегеніміз не?</p> <p>-Оны кімдер тағады?</p> <p>-Осы кезде жылға адамның дауысы естіледі.</p> <p>-Бұл кім болды екен, аааа?</p> <p>-Бұл қуыршақ қызымыз Сәуле екен ғой.</p> <p><b>-Ортаға қуыршақ Сәуле келеді.</b></p> <p>-Не болды саған, Сәуле?</p> <p>-Менің жапырақтан жасаған моншағым құрап түсіп қалды, маған моншақ керек дейді.</p> <p>-Сәуле, сен жылама, қазір біздің балалар саған әдемі моншақ жасап береді, солай ма?, -балалар.</p> <p>-Жарайсындар.</p> <p>-Ендеше,Сәуле сен бізге моншақты бояуға көмектес, сосын біз саған көмектесеміз, себебі біздің балалар сондай еңбекқор.</p> <p>-Сәуле, моншақ дегеніміз не?, балаларға түсіндіріп бересің бе?</p> <p><b>Шардың бетіндегі моншақ бейнесін бояйды.</b></p> <p>-Енді саусақтарымызға жаттығу жасап алайық.</p> <p>-Алдарында картон мен моншақ тұр, сол моншақты саусақ арқылы сызықтың үстімен жүргізесіңдер.</p> <p><b>(Саусақ моторикасын дамыту)</b></p> <p><b>Өлең жолдары</b></p> <p>Мен әдемі моншақпын, Нүктелері көп сонша, Ақылың болса адаспай, Тізбектеші шатаспай</p> <p>-Енді қуыршағымызға моншақ жасап берейік.</p> <p>2 топқа екі түрлі зат беріледі.</p> <p>1-топқа резеңке</p> <p>2-топқа: түтікшелер кесінділері</p> <p>Бауға өткізеді.</p> <p>-Жарайсындар, балалар, жасаған моншақтарыңды аларып іле қойыңдар, қазір қуыршағымыз оны өзімен бірге алып кетеді.</p> <p>-Қуыршақ Сәуле, саған балаларымыздың жасаған моншағы ұнады ма?</p> <p>-Иә, керемет, рахмет, көңілім көтеріліп қалды.</p> <p>-Балалар, сендер шаршаған боларсындар, қазір <b>серпигу сәтін</b> жасап алайық.</p> <p>-Енді керемет ойын ойнаймыз.</p> <p>Құрылымдалған ойынның аты:</p> <p><b>«Түстерді ажырат»</b></p> <p>-Сендер жерде жатқан шариктерді өзінің түсіне сәйкес ұяшығына саласындар. Бірақ ол үшін жылдамдық керек. Жолдағы іздерді басу арқылы ойын шартын орындайсындар.</p> <p>Ойынның мақсаты:</p> <p>1.түстерді ажырата біледі.</p> <p>2.ұшықтарын салып үйренеді.</p> <p>3.шапшаңдыққа бейімделеді.</p>	<p>-түймедақ, шемішкі</p> <p>Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдап, берілген тапсырманы орындауға бейімделеді.</p> <p>-күннің, бұлттың, алма-ның, жапырақтың</p> <p>-күшті (смайлик көрсетеді)</p> <p>-балалар таң қалады</p> <p>-иә</p> <p>-ол -әшекей- бұйым</p> <p>-балалар жатқа айтады</p> <p>-моншақты тізбектейді</p> <p>-балалар да қуанысып қалады.</p> <p>-аудиоресурс</p>
<p>Рефлективті-түзетушілік</p>	<p>Қорытынды:</p> <p>-Балалар, сендерге ойын ұнады ма?</p> <p>-Көңіл-күйлерің қандай?</p> <p>-Біз ненің суретін бояп көрсеттік?</p> <p>-Қуыршаққа не сыйлады?</p> <p>-Қуыршақ,саған балаларымыздың жасаған, бояп көрсеткен моншағы ұнады ма?</p> <p>Қуыршақтың жауабы:</p> <p>-Иә, рахмет.</p> <p>Балаларға чупа-чупс таратады.</p>	<p>-керемет (смайлик)көрсетеді</p> <p>-балалар қоштасады</p>

**Күтілетін нәтиже:**

-Білім және білік дағдылары қалыптасты, моншақтың- әшекей - бұйым екендігін білді.

-Қызығушылықтары оянды, ұсақ қол моторикасын дамытты.

-Шыдамдылық пен ұқыптылыққа бейімделді.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.